



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

24.02.2026 № 2-01-26-11997

28.01.2026 жылғы №ДС-20

**Қазақстан Республикасы
Мәжілісінің депутаттарына
(тізім бойынша)**

Құрметті депутаттар!

Сіздердің тренингтік курстар мен жеке тұлғаны дамыту бағдарламаларына қатысты (28.01.2026 жылы жарияланған) депутаттық сауалдарыңызға келесіні хабарлаймын.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес азаматтардың санасына теріс ықпал ететін, рухани-адамгершілік құндылықтарға қайшы келетін іс-әрекеттерге қарсы жүйелі шаралар қабылдануда.

Көтерілген мәселе аясында азаматтардың құқықтарын қорғау және психологиялық қысым көрсету фактілеріне қарсы іс-қимыл жасау үшін қылмыстық, әкімшілік, азаматтық және салалық заңнама нормалары қолданылады.

Атап айтқанда, Қылмыстық кодекстің 131-бабы (Қорлау), 194-бабы (Қорқытып алу), Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 153-бабы (Заңсыз кәсіпкерлік), 157-бабы (Көрінеу жалған жарнама), 190-бабы (Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасын бұзу), сондай-ақ «Білім туралы» және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңдар.

Сонымен қатар қолданыстағы заңнамада тренингтік курстар мен жеке тұлғаны дамыту бағдарламаларын реттеу бөлігінде жүйелі құқықтық тетіктің жоқтығын атап өтемін.

Яғни қысқа мерзімді тренингтерді лицензиялау тәртібі белгіленбеген, қолданылатын психологиялық әдістерге және үйретуші-коучтардың біліктілігіне қойылатын талаптар нақты регламенттелмеген, қатысушылардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктері қалыптастырылмаған.

Аталған курстардағы әрекеттерде адамның еркінен тыс мәжбүрлеу, көпшілік алдында қорлау арқылы психологиялық қысым көрсету, жеке өмірге қол сұғу, тұтынушыға толық ақпарат бермеу, сондай-ақ шартта көзделген міндеттемелерді орындамау белгілері болуы мүмкін.

Бүгінде тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту және тренинг жүргізетін адамдардың (коучтардың) адал қызмет көрсетуін қамтамасыз ету мақсатында Үкімет тарапынан «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар әзірленіп, Мәжілістің қаралуына жолданды (үшінші талап).

Өз кезегінде заңнамалық норма қабылданғаннан кейін тренингтік қызметтің мазмұнына, әдістемелеріне және заңнамаға сәйкестігіне тексерістер жүргіз/іліп (бірінші талап), қорлау, психологиялық қысым көрсету, мәжбүрлеу және манипуляция жасау белгілері бар әрекеттерге құқықтық баға берілетінін (екінші талап) хабарлаймын.

Құрметпен,

Б. Асыллов

орынд: Н. Ахметов,
тел: 71-26-78